

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ

6М074900-МАРКШЕЙДЕРЛІК ІС МАМАНДЫҒЫНЫҢ
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Алматы 2015

Элективті пәндер каталогы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде бекітілген 2015 жылғы «_5_»маусымның (№_5__ хаттамасы). Алматы, ҚазҰТЗУ, 2015.

Каталог элективті пәндердің (таңдау бойынша) компоненттердің тізімін, пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттерін, пәнді оқыту мақсатын, олардың қысқаша мазмұнын, күтілетін нәтижелерін қамтиді.

БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады.

1-курс

№	Модуль атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Геодезиялық дайындық модулі	БД 1.2.5.2	VG 5205	Жоғарғы геодезия	3	1
2		БД 1.2.5.1	VGR 5205.1	Дәлдігі жоғары геодезиялық жұмыстар	3	1
3		БД 1.2.6.1	DZZ 5206	Жерді қашықтықтан зондтау	3	1
4		БД 1.2.6.2	KMZ5206.1	Жерді ғарыштық мониторинг жасау	3	1
5	Кәсіби дайындық модулі	БД 1.2.7.1	AK5207	Карьерлерді аэрофототүсіру	3	2
6		БД 1.2.7.2	FSK5207.1	Карьерлерді фототеодолиттік түсіру	3	2
7		БД 1.2.8.1	OMR5208	Маркшейдерлік жұмыстарды ұйымдастыру	3	2
8		БД 1.2.8.2	OGR 5208.1	Геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру	3	2
9		ПД 1.2.2.1	MSPZSSEM 5302	Метрополитен құрылысында және пайдалануда жер бетіндегі ғимараттар және құрылыстардың жағдайын мониторинг жасау	3	2
10		ПД 1.2.2.2	GKSISPMPI 5302.1	Пайдалы қазбалар кенорындарын игеруде инженерлік құрылыстардың жағдайын геологиялық маркшейдерлік бақылау	3	2
11		ПД 1.2.3.1	GNSS 5303	Ғаламдық навигациялық жерсеріктік жүйе	3	2
12		ПД 1.2.3.2	MGGPSS 5303.1	Маркшейдерлік-геодезиялық GPS-жүйелер	3	2

VG 5205 Жоғарғы геодезия-3кредит

Пререквизиттер: физика, жоғарғы математика, геодезия, геодезиялық өлшеулерді математикалық өңдеу теориясы, топографиялық сызу.

Пәнін оқу мақсаты болашақ мамандарға жергілікте мемлекеттік геодезиялық торлар мен арнайы торларды жасау, дамыту және жаңарту кезіндегі жоғары дәлдікті геодезиялық өлшеулер жүргізу әдістері мен құралдары туралы; нүктелердің әртүрлі координаттар жүйесіндегі жоспарлық-биіктіктік жағдайын анықтау үшін Жердің гравитациялық өрісіндегі геодезиялық өлшеулер нәтижелерін математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері туралы; жердің эллипсоидының геометриясы туралы; Жердің гравитациялық өрісінің пішіні, өлшемдері туралы; динамикалық процестердің геодезиялық мониторингін ұйымдастыру геоорталық және референттік координата жүйесін беру туралы теориялық және практикалық білім беру.

Қысқаша мазмұны: мемлекеттік геодезиялық және арнайы жоғары дәлдікті торларды тұрғызу, оларды жобалау әдісі, жергілікте құру және бекіту әдістері; негізгі геодезиялық торларды тұрғызу кезінде жергілікте жоғары дәлдікті геодезиялық өлшеулер жасау құралдары мен әдістері; Жердің пішіні мен оның гравитациялық өрісін анықтау әдістері; Жоғары дәлдікті жоспарлық және биіктіктік торларды математикалық өңдеу әдістері; фундаменталды геодезиялық тұрақтылықты анықтау; геоцентрлік және референттік координаттар жүйесін жасау, олардың өзара байланысын және мемлекеттің, ауданның және жалпы Жер бетінде орналасуын анықтау; геодинамикалық құбылыстар параметрлерін анықтау.

Күтілетін нәтижелер:

берілген пәнді оқып, магистрант жасай білуі керек: негізгі геодезиялық торларды жобалау және олардың дәлдігін бағалау білу; горизонталь бұрыштарды, зениттік қашықтықтарды жоғары дәлдікпен өлшеу, жоғары дәлдікті геометриялық нивелирлеу, заманауи аспаптармен сәйкес өлшеулер жүргізу; жоғары дәлдікті геодезиялық өлшеулер нәтижелерін компьютерлік технологиялар көмегімен математикалық өңдеу.

Постреквизиттер: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі, ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолданылды.

VGR 5205.1 Дәлдігі жоғары геодезиялық жұмыстар-3кредит

Пререквизиттері: Берілген пәнді оқып игеру үшін, пән тізімі және (тақырып), бөлімдері: математика; геодезия; маркшейдерлік-геодезиялық өлшемдердің математикалық өңдеу теориясы, жоғарғы геодезия.

Пәнді оқыту мақсаты: Пәнді оқыту мақсаты болып болашақтағы мамандарды мемлекеттік геодезиялық тораптарды, арнайы геодезиялық тораптарды, инженерлік заманауи дара құрылымдарды салуда, техногендік геодинамикалық полигондарда орындалатын мониторингтік бақылауда, құрылым мен құрылыстардың деформациясын бақылауда жоғары дәлдікті геодезиялық жұмыстарды орындауды ұйымдастыруды үйрену.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жоғары дәлдікті геодезиялық өлшемдердің түрлері. Жоғары дәлдікті геодезиялық өлшемдерге заманауи талаптар. Мемлекеттік геодезиялық тораптарды құрудың жаңа әдістері: ғаламдық навигациялық жерсеріктік жүйе, Лазерлі локация ЖЖС, ұзындық-базисті интерферометрия. Геодинамикалық эффекттер есебімен прецизионды өлшемдерді орындау. Планетарлы, аймақтық және локалды масштабты геодинамикалық құбылыстарды геодезия әдісімен зерттеу. GPS жүйесі және оның жоғарғы дәлдікті геодезиялық тапсырмаларды шешу. GPS-қабылдағышты қолданып Жер бетінде орналасқан пункттерді жоғары дәлдікпен анықтау. Жоғары дәлдікті геодезиялық өлшемдерді анықтауда қолданылатын GPS қабылдағыш. Сызықтық және бұрыштық жоғары дәлдікті өлшемдер. Жоғары дәлдікті геодезиялық өлшемдерді алуда қолданылатын жарық қашықтық өлшегіштер мен электронды тахеометрлер. Жер бетінің

деформациясын бақылауда әдістері мен тәсілдері. Сандық жоғары дәлдікті нивелирлер. Қайта нивелирлеудегі жоғары дәлдікті өлшемнің дәлдік сапасы, бұрыштық және ГДП-дағы сызықтық бұрыштық өлшеулер. Инженерлік құрылымдарды салуда жоғары дәлдікті геодезиялық өлшемдер.

Күтілетін нәтижелер: Берілген пәнді оқып магистранттың білуі қажет: замануи мемлекеттік геодезиялық, арнайы тораптарды құруда жоғары дәлдікті геодезиялық өлшемдердің замануи әдісімен технологияларды, жоғары дәлдікті өлшемдердің нәтижелерін математикалық өңдеу әдістерін, негізгі жоғары дәлдікті геодезиялық аспаптарды білуі қажет.

Постреквизиттері: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

DZZ 5206 Жерді қашықтықтан зондау-3кредит

Пререквизиттер: математика, физика, электротехника, ақпараттану, геодезия, фотограмметрия, ғарыштық геодезия, жоғарғы геодезия.

Пәннің оқу мақсаты: болашақ мамандарды Жерді қашықтықтан зондылаумен таныстыру, ғарыштық түсірістерді геодезиялық байланыстыру және түсірістерді фотограмметриялық өңдеу. Қашықтықтан зондылау әдістері электромагниттік сәуле шығару қасиетін қолдануда негізделген. Барлық табиғи объектілер әр-түрлі жағдаймен шағылыстырады, сіңіреді немесе электромагниттік толқындардың сәулесін анықталған спектрлі құрамымен және қарқындылығымен шығарады. Оларды қашықтықта қабылдайтын құрылым көмегімен тіркеу қашықтықтан зондылаудың мақсаты болып келеді. Тіркелген мәліметтер зерттелетін объектілерді шығаруға және олардың қасиетін анықтау мақсатымен өңдеуге жіберіледі.

Қысқаша мазмұны: Қашықтықтан зондылау терминнің көріністерді интерпритациялау және құбылыстарды бейнелеу кезінде қолданады, оларды техникалық құралдар көмегімен алады, яғни динамикалық түсіріс жүйелерімен. Қашықтықты зондылаудың басты шешетін мәселесі дешифрлеу және көріністерді көпмақсатты тақырыпты интерпритациялау.

Күтілетін нәтижелері: Оқып үйрену кезінде магистранттар практикалық және теориялық білімін білуі қажет:

- ғарыштық түсірістерді геодезиялық байланыстыруды орындау;
- ғарыштық түсірістердің геометриялық және жарықтық коррекциясын орындау;
- техногендік жобаны құру;
- ғарыштық түсірістерді трансформациясын орындау;
- топожоспарды жаңарту.

Постреквизиттер: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

KMZ 5206.1 Жерді ғарыштық мониторинг жасау-3кредит

Пререквизиттер: пәнді оқып үйренуге қажет білім: математика, физика, геодезия, жоғарғы геодезия, ғарыштық геодезия және т.б.пәндерді зерделеуден алынады.

Пәнді оқытудың мақсаты: пайдалы кен орындарын қауіпсіз және тиімді игеруді қамтамасыз етумен байланысты, тау жыныстары мен жер бетінің жылжуы ескерілетін әртүрлі тау-кен-техникалық мәселелерді шешуге үйретіп дағдыландыру.

Қысқаша мазмұны: Тау жыныстары мен жер бетінің жылжуын геомеханикалық және ғарыштық мониторингтау туралы жалпы мәліметер. Ғарыштық мониторингтаудың негізгі анықтамалары. Тау жыныстары массивінің жай-күйін мониторингтаудың әдістері: лазерлік сканирлеу, радарлық интерферометрия, ғаламдық жерсеріктік жүйелер (GPS) және т.с.с. Техногендік тау-кен жүйелерін басқарудың географиялық кеңістік

мәліметтерін жинақтау және өңдеу. Техногендік жүйелер территориясын қашықтан зондылау негізінде ғарыштық мониторинг жүргізу. Геоакпараттық жүйелер. Жер бетінің ғарыштық суреттерін өңдеу және талдау.

Күтілетін нәтижелер: жер қойнауын игерудегі пайда болатын геомеханикалық процестерді зерделеу, мониторинг жүргізудің заманауи әдістерін, аспаптары мен жабдықтарын және бағдарламалық қамтамасыздандыруды үйренеді.

Постреквизиттері: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

АК 5207 Карьерлерді аэрофототүсіру-3кредит

Пререквизиттер: жоғарғы математика; физика.

Пәнді оқыту мақсаты: аэрофототүсірістің өндірістік технологиясының теориялық және тәжірибелік негізін оқыту (әуе базалауының жерді қашықтықтан зондтау).

Қысқаша мазмұн: Аэрофототүсірістің (АФТ) даму тарихы. Карьерлерде АФТ қолдану. Карьерлерде АФТ жұмыстарын ұйымдастыру. Пландық топографиялық аэрофототүсірістің негізгі элементтері. Авиациялық метеорологияның негізі: негізгі метеорологиялық элементтер, ұшуларды метеорологиялық қамтамасыздандыру. Авиациялық техника негіздері: көтеру күшін жасау үрдісі, әуе кемелерінің техникалық сипаттамалары, аэрофототүсіріс кезінде ұшақты жүргізу. Пландық аэрофототүсірістің негізгі элементтері. Аэрофототүсіріс мәліметтеріне талаптар. Аэрофототүсірістік жабдықтау: аэрофотоаспаптың оптикалық жүйесі, аэрофотоаппараттарды калибрлеу әдістері, экспонирлеу жүйесі, бекітпелердің түрлері; бейненің ығысуының компенсациялау әдістері; цифрлық аэрофотоаппараттар.

Күтілетін нәтижелер: карьерде аэрофототүсіріс жұмыстарын жасау кезінде аэрофототүсірістің метеорологиялық және техникалық жағдайларын талдау арқылы, аэрофототүсірістің техникалық және экономикалық параметрлерін есептеу, түсіріс мәліметтерінің сапасын бағалау дағдысына ие болу.

Постреквизиттер: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

FSK 5207.1 Карьерлерді фототеодолиттік түсіру-3кредит

Пререквизиттер: жоғарғы математика; физика.

Пәнді оқыту мақсаты: карьерлердің фототеодолиттік түсірісінің өндірістік технологиясының теориялық және тәжірибелік негізін оқыту.

Қысқаша мазмұн: Жер беті түсірісінің даму тарихы. Фототеодолиттер, олардың құрылысы және жіктелуі. Жербеті түсірісінің жобасын жасау. Фотографиялау базисін есептеу. Бақылау нүктелерін таңдау. Жоба сұлбасын жасау. Рекогносцировка, базисты және бақылау нүктелерін бекіту. Фотолабораторияда негативті өңдеу, баспаға дайындау. Геодезиялық координаталарды есептеу. Жер бетіндегі түсірісті өңдеудің аналитикалық тәсілі. Геодезиялық және фотограмметриялық координаталардың арасындағы байланыс. Технокартадағы кеңістікқиылысуының принципалдық сұлбасы.

Күтілетін нәтижелер: карьерде түсіріс жұмыстарын жасау кезінде фототүсірістің метеорологиялық және техникалық жағдайларын талдау арқылы, фототүсірістің техникалық және экономикалық параметрлерін есептеу, түсіріс мәліметтерінің сапасын бағалау дағдысына ие болу.

Постреквизиттер: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

OMR 5208 Маркшейдерлік жұмыстарды ұйымдастыру-3кредит

Пререквизиттер: маркшейдерлік істің жалпы курсы, жерасты құрылысы кезінде тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыздандыру, маркшейдерлік-геодезиялық

аспаптар, маркшейдерлік-геодезиялық өлшеулерді математикалық өңдеу теориясы, маркшейдерлік пландарды компьютерлік өңдеу.

Пәнді оқыту мақсаты: пәнді оқытудың мақсаты болашақ мамандарды маркшейдерлік қызметті ұйымдастыру мен құрылымының негізіне, тау-кен өнеркәсібінің маркшейдерлік бөліміндегі жұмыстарды ұйымдастыру және маркшейдерлік жұмыстарды жоспарлау, қазба жұмыстарының дұрыс жүргізілуіне, пайда қазбаларын өндіруді тиімді ұйымдастыруды бақылау негіздерін оқыту болып табылады.

Қысқаша мазмұн: Маркшейдерлік қызметтің құрылымы. Тау-кен өндірісінің жалпы құрылымындағы маркшейдерлік қызметтің орны. Маркшейдерлік қызмет жұмысшыларының құқығы мен міндеттері. Мемлекеттік маркшейдерлік бақылау ұйымдары. Маркшейдерлік бөлімдердің штаттары. Маркшейдерлік жұмыстарды нормалау және жоспарлау. Капиталды маркшейдерлік жұмыстарға уақыт мөлшері. Өнеркәсіптік аумақты тахеометрлік түсіріс. Дайындық өнімдерін ағымдық пен тексеру көлбеу және тік түсірістері кезінде маркшейдерлік жұмыстарды ұйымдастыру. Тазарту және қосалқы өнімдерді түсіру. Штольня немесе иілу оқпан, бір тік оқпан, екі тік оқпан арқылы бағларлау кезіндегі жұмыстарды ұйымдастыру. Биіктік белгісін шахтаға тік оқпан арқылы көшіру жұмыстарын ұйымдастыру. Далалық бригада мүшелері арасында міндеттерді бөлу бойынша ұсыныстар. Карьерлердегі маркшейдерлік жұмыстарды ұйымдастыру. Маркшейдерлік құжаттама мен есептілік. Шахталық даланы кептіру жұмыстарын ұйымдастыру. Құқықтық тәртіп құжаттамасы (жер және тау-кен тілімі).

Күтілетін нәтижелер:

Магистрант маркшейдерлік қызмет жұмысшыларының құқығы мен міндеттерін; кеніштер мен карьерлердегі маркшейдерлік жұмыстарды ұйымдастыруды; ағымдағы маркшейдерлік жұмыстарды ұйымдастыруды; жерасты түсірістерді тұспалдап ұйымдастыруды; карьерлер мен шахталардағы түсіріс жұмыстарын ұйымдастыруды; маркшейдерлік жұмыстарды нормалау мен жоспарлауды білуі қажет. Магистрант маркшейдерлік жұмыстар кезінде уақыт мөлшерін қолданып білуі қажет. Маркшейдерлердің сандық нормасын есептеу дағдысына ие болу керек.

Постреквизиттер: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

OGR 5208.1 Геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру-3кредит

Пререквизиттер: жоғарғы математика, геодезия-маркшейдерлік істің жалпы курсы, маркшейдерлік-геодезиялық аспаптар, геоинформатика.

Пәнді оқыту мақсаты: пәнді оқытудың мақсаты болашақ мамандарды заманауи әдістерді қолданып ізденістер, инженерлік ғимараттарды жобалау және салу кезінде орындалатын геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру негіздерін оқыту болып табылады.

Қысқаша мазмұны: геодезиялық өндірісті ұйымдастыру негіздері. Инженерлік-геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру. Карьерлердегі топографиялық-геодезиялық жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары. Бөлу жұмыстарын ұйымдастыру. өндіріс алаңындағы геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру. Тау-кен кәсіпорының жоспарын жобалау және салу кезінде геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру. Туннель жолын геодезиялық дәлелдеу. Метрополитен стансалары мен жерасты ғимараттарын салу кезінде геодезиялық жұмыстар.

Күтілетін нәтижелер:

Магистрант геодезиялық қызмет жұмысшыларының құқығы мен міндеттерін; карьерлердегі геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыруды; карьерлердегі түсіріс жұмыстарын ұйымдастыруды; геодезиялық жұмыстарды нормалау мен жоспарлауды білуі қажет. Магистрант геодезиялық жұмыстар кезінде уақыт мөлшерін қолданып білуі қажет. Геодезисттердің сандық нормасын есептеу дағдысына ие болу керек.

Постреквизиттер: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

MSPZSSEM 5302 Метрополитен құрылысында және пайдалануда жер бетіндегі ғимараттар және құрылыстардың жағдайын мониторинг жасау-3кредит

Пререквизиттері: Геодезия. Тау-кен технологиясы негіздері. Тау-кен өндірісінің экологиясы

Оқу мақсаты: «Кенорындарын ашық әдіспен игерудегі жер қойнауылардың мониторингі»- ғимараттардың деформациялары мен жылжуларын және оның жеке бөлшектерін оптикалық, лазерлік аспаптардың көмегімен қадағалауы, келеңсіздік оқиғаларды болдыртпайды.

Қысқаша мазмұны: Мониторинг бұл ақпараттық-талдау арнаулы бақылау жүйесі, бақылау және бағалаудың қоршаған ортасы. Мониторинг пәнінің табиғи көріністің көп компоненттігі, бірнеше табиғи динамикалық өзгерістерге және адамның әсерінен әртүрлі қозғалыста болады. Басты маркшейдер жұмысының негізгі қызметіне жер қойнауын бақылау кіреді, табиғи қоршаған ортаны және жер бетінің объектісін, жер қойнауын жылжуын алдын алу мақсатында тау-кен жынысының геомеханикалық және геодинамикалық қозғалу процесін қоса отырып, жұмыс жасайды.

Күтілетін нәтижелер: студент ақпараттарды жүйелей және өңдей алуы тиіс, бұл ақпараттар пайдаланылған процестің шешімін жақсарту үшін қолданылуы мүмкін.

Постреквизиттері: меңгерілген бұл пән тәжірибе жүзінде және магистрлік жұмысты жазуда қолданылады.

GKSISPMPI 5302.1 Пайдалы қазбалар кенорындарын игеруде инженерлік құрылыстардың жағдайын геологиялық маркшейдерлік бақылау-3кредит

Пререквизиттері: Геодезия. Тау-кен технологиясы негіздері. Тау-кен өндірісінің экологиясы

Оқу мақсаты: «Кенорындарын жер асты игерудегі жер қойнауылардың мониторингі» - ғимараттардың деформациялары мен жылжуларын және оның жеке бөлшектерін қадағалауы, келеңсіздік оқиғаларды болдыртпайды.

Қысқаша мазмұны: Мемлекеттік жер қойнауын немесе геологиялық орта мониторингі (ММЖН) қалыпты жинау жүйесін, толу, ақпаратты сараптау және өңдеу, геологиялық ортаның жағдайын бағалау және қарапайым табиғи факторлардың әсері бойынша өзгертулерді жобалау, жер қойнауын қолдану және де басқа да антропогендік қызметтерінің түрлерін ұсынады.

Мониторинг ол арнайы ақпараттық - талдауын жүйе қадағалаудың, тексерістің және табиғи ортаның күй сарапшылығы. Мониторинг бұл ақпараттық-талдау арнаулы бақылау жүйесі, бақылау және бағалаудың қоршаған ортасы.

Күтілетін нәтижелер: студент ақпараттарды жүйелей және өңдей алуы тиіс, бұл ақпараттар пайдаланылған процестің шешімін жақсарту үшін қолданылуы мүмкін.

Постреквизиттері: меңгерілген бұл пән тәжірибе жүзінде және магистрлік жұмысты жазуда қолданылады.

GNSS 5303 Ғаламдық навигациялық жерсеріктік жүйе-3кредит

Пререквизиттері: жоғары математика; геодезия; картография, ақпараттану.

Оқыту мақсаты: Ғаламдық навигациялық жерсеріктік жүйелердің (ҒНЖЖ) қызмет атқару принциптерінің теориялық және практикалық негіздерін зерттеу.

Қысқаша мазмұны: ҒНЖЖ құру принципі. Тұтынушы сектор. ҒНЖЖ тұрғылықты орынды анықтау принциптері. ҒНЖЖ өлшеулер мен есептеулер әдістері. Псевдоқашықтықты өлшеу принциптері. Фазалық өлшеулер айырмашылықтары.

Жерсеріктік өлшеулердегі жүйелік қателік көздері. Жерсеріктік өлшеулердегі кездейсоқ қателік көздері. Жерсеріктік өлшеулерді жобалау және ұйымдастыру. ҒНЖЖ қабылдағыштарымен өлшеулер жүргізу технологиялары. Маркшейдерлік есептерді шешуде жерсеріктік технологияларды пайдалану.

Күтілетін нәтижелер:

- ҒНЖЖ қызмет ету принциптерінің теориялық негіздерін игеру;
- ҒНЖЖ тұтынушылар секторының техникалық параметрлерін талдау жүргізу;
- маркшейдерлік есептерді шешуде жерсеріктік технологияларды пайдалану дағдыларын үйрену.

Постреквизиттері: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

MGGPSS 5303.1 Маркшейдерлік-геодезиялық GPS-жүйелер-3кредит

Пререквизиттер: жоғарғы математика; геодезия; картография; информатика.

Пәнді оқыту мақсаты: пәнді оқытудың мақсаты болашақ мамандарды маркшейдерлік-геодезиялық тор құру және қайта құру, жылжу үдерісін аспаптық бақылау кезінде жүргізілетін жұмыстар кешенінің маңызды бөлігі болатын, маркшейдерлік-геодезиялық жұмыстарды жоспарлау мен орындау саласында теориялық және тәжірибелік негіздерін оқыту болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Маркшейдерлік-геодезиялық торлар құру және қайта құру. Жерсеріктік аспаппен жұмыс кезінде қолданылатын координата жүйелері. Торды жерсеріктік аспаппен құрудың жөнделігін бағалау. GPS-пен тор құрудың жалпы қағидалары. Далалық өлшеулердің сұлбасын таңдау. Радиокөгерліктің қанағаттанарлықсыз жағдайы кезінде бір қатарлы емес шешу. Биіктік торларды құру әдістері. Жүргізілген далалық жұмыстардың сапасын бағалау. Дәрекі қателіктерді болдырмау. Пункттер торының сапасын бағалау. Пункттерді іздеу және қалпына келтіру. Арнайы жоғарғы дәлдікті маркшейдерлік-геодезиялық торларды құру әдістемесі. Топографиялық түсіріс кезінде жерсеріктік аспаптарды пайдалану. Геодинамикалық полигондарда өлшеулер кезінде жерсеріктік аспаптарды пайдалану. Жылжу үдерістерін аспаптық бақылау. Көліктік бағытжолдардың жағдайын бақылау. Бұрғылау аспаптарын басқару. Эскаваторлар мен тиегіштерді басқару. Жер жұмыстары.

Күтілетін нәтижелер:

Маркшейдерлік-геодезиялық торлар құру және қайта құру қағидадтарының теориялық негізін білу;

GPS-пен маркшейдерлік-геодезиялық тор құру икемділігі;

Қолданбалы мәселелерді шешу үшін GPS-ты тәжірибелік қолданудың дағдысына ие болу.

Постреквизиттер: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

Академиялық дәреже: техника ғылымдарының магистрі

2-курс

№	Модуль атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Се ме ст р
1	Кәсіби дайындық модулі	ПД 1.2.6.1	GP 5306	Тау-кен құқығы	2	3
2		ПД	GA 5306.1	Тау-кен аудиты	2	3

		1.2.6.2				
3		ПД 1.2.7.1	SGPPR 5307	Жерасты өндіруде тау жыныстарының жылжуы	3	3
4		ПД 1.2.7.2	DGPK 5207.1	Карьерлердегі тау жыныстарының деформациясы	3	3
5		ПД 1.2.8.1	PRGR 5308	Кен жұмыстарын жобалау және дамыту	3	3
6		ПД 1.2.8.2	MRNZ 5308.1	Бұзылған жер қыртысын қалпына келтірудегі маркшейдерлік жұмыстар	3	3
7	Ғылыми дайындық модулі	ПД 1.2.4.1	GSKPM 5304	Кенорынның құрылымдық және сапалық көрсеткіштерін геометризациялау	3	3
8		ПД 1.2.4.2	MMPM 5304.1	Кенорынның көрсеткіштерін математикалық моделдеу	3	3
9		ПД 1.2.5.2	ORINPP 5305	Жерасты өндіруде жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану	3	3
10		ППЖ 1.2.5.1	ORINOR 5305.1	Ашық әдіспен өңдеу жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану	3	3

GP 5306 Тау-кен құқығы-2кредит

Пререквизиттер: Құқық негіздері

Оқу мақсаты: Тау-кен кәсіпорындарындағы тау-кен құқығын болашақ мамандарға үйрету

Қысқаша мазмұны:Тау-кен құқығы түсінігі. ҚР тау-кен құқығының негізі. ҚР жер қойнауын пайдалану саласын құқықтық басқарудың дамуы. Жер қойнауы қорын мемлекеттік басқару органы. Жер қойнауын пайдалану мен қорғаудың экономика-құқықтық механизмі. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау. Жер қойнауын пайдаланудағы заң бұзушылықтар үшін жауапкершілік, даулы мәселелерді шешу реті. Халықаралық заңдағы тау-кен құқығы.

Күтілетін нәтиже: Жер қойнауын пайдалану мен қорғаудың экономика-құқықтық механизмі, жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау туралы түсінік білім алу.

Постреквизиттер: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

GA 5306.1 Тау-кен аудиты-2кредит

Пререквизиттер: Экономикалық теория негіздері.

Оқу мақсаты: Болашақ мамандарды тау-кен аудитіне үйрету.

Қысқаша мазмұны: Тау-кен мекемелерін аудиторлық тексеру. Тау-кен аудитінің негізгі түсініктері мен анықтамалары, тау-кен аудиторлық қызметтің мазмұны. Жер қойнауын пайдалануға берілген лицензияны аудиторлық тексеру. Пайдалы қазбаның орналасқан жерінде құрылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат ететін кәсіпорын құжаттамаларына аудит. Тау-кен кәсіпорынының жәр беті жылжуын бақылау, полигон жасау және қорғаныс шараларын жасау жөніндегі құжаттарын тексеру.

Күтілетін нәтиже: Пәнді оқыту кәсіпорынды экономикалық тұрғыдан бақылауға мүмкіндік береді.

Постреквизиттер: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

SGPPR 5307 Жерасты өндіруде тау жыныстарының жылжуы-3кредит

Пререквизиты: Пәнді оқып үйренуге қажет білім: математика, физика, құрылымдық геология, маркшейдерлік іс, жерасты әдісімен кен игерудің технологиясы, геомеханика, тау-кен өндірісінің экологиясы және т.б.пәндерді зерделеуден алынады.

Пәнді оқытудың мақсаты: Пайдалы кен орындарын қауіпсіз және тиімді игеруді қамтамасыз етумен байланысты, тау жыныстарының құрылымы, деформациялануы және жер бетінің жылжуы ескерілетін әртүрлі тау-кен-техникалық мәселелерді шешуге үйретіп дағдыландыру.

Қысқаша мазмұны: Тау жыныстары мен жер бетінің жылжуы. Жылжу процесінің негізгі анықтамалары мен параметрлері. Жылжу процесіне әсер ететін факторлар. Жылжу процесін зерделеудің әдістері. Жерасты әдісімен кен игерудегі тау жыныстары мен жер бетінің жылжуларын маркшейдерлік бақылау. Бақылау станциясының жобасын жасау. Жер бетінің жылжуларын деформацияларын есептеудің әдістері. Кеулеп қазылып жатқан құрылыстар астын кеулеп қазудың рұқсат етілген жағдайлары. Құрылыстар мен табиғи нысандарды қорғаудың шаралары. Сақтандыру кентіректерін құрудың әдістері.

Күтілетін нәтижелер: Жылжу процесін зерделеуді, мониторинг жүргізудің заманауи әдістерін, аспаптары мен жабдықтарын, бағдарламалық қамтамасыздандырудан және жерасты тау-кен жұмыстарының зиянды әсерлерінен құрылыстар мен табиғи нысандарды қорғаудың нормалық құжаттарын жасауды үйрену.

Постреквизиттері: Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

DGPK 5207.1 Карьердегі тау жыныстарының деформациясы-3кредит

Пререквизиттері: Пәнді оқып үйренуге қажет білім: математика, физика, құрылымдық геология, маркшейдерлік іс, ашық әдісімен кен игерудің технологиясы, геомеханика, тау-кен өндірісінің экологиясы және т.б.пәндерді зерделеуден алынады.

Оқыту мақсаты: Пайдалы кен орындарын ашық әдіспен қауіпсіз және тиімді игеруді қамтамасыз етумен байланысты, тау жыныстарының құрылымдық ерекшеліктерін, деформациялануын және карьер беткейлерінің орнықтылығы ескерілетін әртүрлі тау-кен-техникалық мәселелерді шешуге үйретіп дағдыландыру.

Қысқаша мазмұны: Карьер беткейлеріндегі тау жыныстарының деформациясы мен карьер қиябеттерінің жылжуы туралы жалпы түсінік. Карьердегі жылжу процесінің негізгі анықтамалары және деформацияларының түрлері. Деформациялардың пайда болуына әсер ететін факторлар. Жылжу процесін зерделеудің әдістері. Карьер беткейлеріндегі тау жыныстарының деформацияларын маркшейдерлік бақылау. Бақылау станциясының жобасын жасау. Карьер кемерлерінің орнықты параметрлерін есептеудің

әдістері. Тау жыныстарының жылжуға қарсы кернеуін есептеудің сипаттамаларын анықтау. Карьер кемерлерін жасанды әдістермен бекемдеу. Қауіпті деформациялардың алдын алу шаралары

Күтілетін нәтижелер: Карьер беткейлерінің орнықтылығын зерделеуді, мониторинг жүргізудің заманауи әдістерін, аспаптары мен жабдықтарын, бағдарламалық қамтамасыздандыруды және ашық кеніштерде бірыңғай мониторинг жүргізудің нормалық құжаттарын жасауды үйренеді.

Постреквизиттері: Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

PRGR 5308 Тау-кен жұмыстарының дамуын жоспарлау-3кредит

Пререквизиттері: Маркшейдерлік жұмыстарды жүргізудің қауіпсіздігі, жобаларды басқару негіздері, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру.

Оқыту мақсаты: Кенорындарын ашық және жерасты әдістерімен игеру кезіндегі тау-кен жұмыстары дамуының жоспарын жасауды зерделеу.

Қысқаша мазмұны: Тау-кен жұмыстарының даму жоспарының мақсаты; тау-кен жұмыстарының даму жоспарын жасаудағы бастапқы мәліметтер; тау-кен жұмыстарының даму жоспарын рәсімдеу; тау-кен жұмыстарының даму жоспарын келісу және бекіту тәртібі; ашық және жерасты әдістерімен игерудегі пайдалы қазбалардың ашылған, дайындалған және қазуға даяр қорларының көлемін негіздеу; негізгі тау-кен жабдығы жұмысының көрсеткіштері; ашық тау-кен жұмыстарымен бұзылған жерлерді рекультивациялау; кеніштердегі жоғалым және құнарсыздану нормативтерін негіздеу; жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау және тиімді пайдалану жөніндегі шаралар; игеру жүйесінің негізгі параметрлерін анықтау; ашық және жерасты тау-кен жұмыстарының күнтізбелік жоспарын есептеу; тау-кен жұмыстарының даму жоспарының орындалуын бақылау.

Күтілетін нәтижелер: білуі қажет: Карьердің және кеніштің өндірістік қуатын негіздеуді; игеру жүйесінің параметрлерін анықтау; негізгі жабдықтардың өнімділігін есептеу; бұрғылау-аттыру жұмыстарының графикалық құжаттамасы; автосамосвалдардың өнімділігін есептеу; карьердегі және кеніштегі тау-кен жұмыстарының даму жоспарын жасау тәртібі; карьер және кеніш жұмысын техникалық-экономикалық бағалау.

Постреквизиттері: магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

MRHZ 5308.1 Бұзылған жерлерді қалпына келтірудегі маркшейдерлік жұмыстар-3кредит

Пререквизиттері: Маркшейдерлік жұмыстарды жүргізудің қауіпсіздігі, жобаларды басқару негіздері, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру.

Оқыту мақсаты: Кенорындарын ашық және жерасты әдістерімен игеру кезіндегі тау-кен жұмыстары кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудегі маркшейдерлік жұмыстар.

Қысқаша мазмұны: Кен орындарын тиімді пайдалану жолдары мен шешілмеген мәселелері; жер бетінің бұзылу түрлері және оларды қалпына келтіру жолдары; пландық түсіру негіздерін құру; рекультивациялау кезіндегі кезіндегі топографиялық түсірістер; бұзылу түрлеріне байланысты оларды бөлу; геометризациялау және құнарлы жер қыртысын қырып алу; тік жазықтықта тегістеу және жер қазу жұмыстарының картограммасы; карьерлерді топырақпен толтырудағы маркшейдерлік жұмыстар; су қоймаларын салудағы маркшейдерлік жұмыстар; үймелерді рекультивациялауды

жобалау және оларды үю;аймақтарды жерұйықтандандыру; жол салудағы және суландыру жұмыстарындағы маркшейдерия; бұзылу жұмыстарын және рекультивациялауды бағалау.

Күтілетін нәтижелер: білуі қажет: Кен орындарын игерудегі тиімді пайдалану жолдары мен шешілмеген мәселелерін анықтау жолдарын оқып білу; жер бетінің бұзылу түрлері және оларды қалыпына келтіру жолдарын үйрену; рекультивациялау кезіндегі кезіндегі топографиялық түсірістер; бұзылу түрлеріне байланысты оларды бөлу; геометриялау және құнарлы жер қыртысын қырып алу; үймелерді рекультивациялауды жобалау және оларды үю;аймақтарды жерұйықтандандыру; жол салудағы және суландыру жұмыстарындағы маркшейдерия; бұзылу жұмыстарын және рекультивациялауды бағалауды үйрену.

Постреквизиттері: Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

GSKPM 5304 Кен орынының құрылымдық және сапалық көрсеткіштерін геометриялау-3кредит

Пререквизиттері: Жер қыртысының геометриясы; жер қыртысының квалитетриясы; геологиялық математика негіздері; ықтималдық теориясымен математикалық статистика және болжау әдістері.

Оқыту мақсаты: Болашақ мамандарды теориялық және іс жүзінде қазба-байлық орындарында оның көрсеткіштерін геометриялау әдістерін пайдалана отырып, жүйелік бағытта және жүйелік бағдарлау бағытында даярлау

Қысқаша мазмұны: Ықтималдық теориясымен математикалық статистика және болжау әдістерін кен орыны көрсеткіштерінің заңды құбылыстарын оқып, білу үшін пайдалану. Кен орыны көрсеткіштерінің кеңістікте орналасуын моделдеу әдістері мен амалдары, сандық және сапалық көрсеткіштерін ЭЕМ пайдалана отырып геометриялау.

Күтілетін нәтижелер: Кен орынының құрылымдық, сапалық көрсеткіштерін теориялық және іс жүзінде геометриялауға машықтану және оларды ғылыми тұрғыда математикалық моделдеу және сол көрсеткіштерді болжауға үйрену

Постреквизиттері: Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

MMPM 5304.1 Кен орыны көрсеткіштерін математикалық моделдеу-3кредит

Пререквизиттері: Жер қыртысының геометриясы; жер қыртысының квалитетриясы; геологиялық математика негіздері; ықтималдық теориясы мен математикалық статистика және болжау әдістері; тау-кен ісі; жоғарғы математика элементтері.

Оқыту мақсаты: Болашақ мамандарды теориялық және іс жүзінде қазба-байлық орындарында оның көрсеткіштерін геометриялау әдістерін пайдалана отырып, жүйелеу және жүйелік бағдарлау бағытында даярлау.

Қысқаша мазмұны: Ықтималдық теориясы мен математикалық статистика және болжау әдістерін кен орыны көрсеткіштерінің заңды құбылыстарын оқып, білу үшін пайдалану. Кен орыны көрсеткіштерінің кеңістікте орналасуын моделдеу әдістері мен амалдары, сандық және сапалық көрсеткіштерін ЭЕМ пайдалана отырып геометриялау.

Күтілетін нәтижелер: Кен орынының құрылымдық, сапалық көрсеткіштерін теориялық және іс жүзінде геометриялауға машықтану және оларды ғылыми тұрғыда математикалық моделдеу және сол көрсеткіштерді болжауға үйрену.

Постреквизиттері: Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі мен ғылыми мақалалар жазуда және магистрлік диссертация даярлағанда қолдану.

ORINPP 5305 Жерасты өндіруде жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану-3кредит

Пререквизиттері: бұл пәнді меңгеру үшін келесі пәндерді білу қажет: геометрия, кенорындарын ашық әдіспен игерудегі тау-кен жұмыстарының технологиясы, жер қойнауының геометриясы, ашық тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыздандыру.

Оқу мақсаты: жер асты тау-кен жұмыстарын жүргізуде жер қойнауынан пайдалы қазбаларды шығару (алу) көрсеткіштерін қалыптастыру мен есептеу, сонымен қатар, тау кен жұмыстарын дамытудың жылдық жоспарын жасауда жер қойнауын қорғау бөлімін негіздеу бойынша студенттер келесідей білім мен дағдыларды меңгереді.

Қысқаша мазмұны: Жер қойнауын жер асты әдісімен игеру кезіндегі жоғалту мен разубоживанияның негізгі себептері. Жоғалту мен разубоживанияның классификациясы. Жоғалту мен разубоживанияны есептеудің әдістері: тура, кері, құрамдастыру, скважиналық, петрографиялық. Белгіленетін және белгіленбейтін разубоживаниялар. Кеннің баланстық қорын қазып алу бірлігінде анықтау (блок, камера ж.т.б). Кенді қазып алу бірлігіндегі орташа құрамын анықтау. Жоғалту мен разубоживанияның экономикалық бағасы. Жоғалту мен разубоживанияны белгілеудің әдістері: статистикалық, конструктивтік, технико-экономикалық. Нормативті кен шығарып алуды игеру.

Күтілетін нәтижелер: Студент кен қорын, жоғалту мен разубоживанияны есептеу мен олардың әдістерін үйренеді.

Постреквизиттері: меңгерілген бұл пән тәжірибе жүзінде және магистрлік жұмысты жазуда қолданылады.

ORINOR 5305.1 Ашық әдіспен өңдеу жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану-3кредит

Пререквизиттері: бұл пәнді меңгеру үшін келесі пәндерді білу қажет: геология, кенорындарын ашық әдіспен игерудегі тау-кен жұмыстарының технологиясы, жер қойнауының геометриясы, ашық тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыздандыру.

Оқу мақсаты: ашық тау-кен жұмыстарын жүргізуде жер қойнауынан пайдалы қазбаларды шығару (алу) көрсеткіштерін қалыптастыру мен есептеу, сонымен қатар, тау кен жұмыстарын дамытудың жылдық жоспарын жасауда жер қойнауын қорғау бөлімін негіздеу бойынша студенттер келесідей білім мен дағдыларды меңгереді.

Қысқаша мазмұны: Жер қойнауын ашық әдіспен игеру кезіндегі жоғалым мен құнарсыздандудың негізгі себептері. Жоғалым мен құнарсыздандудың классификациясы. Жоғалым мен құнарсыздандуды есептеудің әдістері: тура, кері, құрамдастыру, ұңғымалық, петрографиялық. Белгіленетін және белгіленбейтін құнарсыздандулар. Кеннің баланстық қорын қазып алу бірлігінде анықтау (блок, камера ж.т.б). Кенді қазып алу бірлігіндегі орташа құрамын анықтау. Жоғалым мен құнарсыздандудың экономикалық бағасы. Жоғалым мен құнарсыздандудың белгілеудің әдістері: статистикалық, конструктивтік, техника-экономикалық. Нормативті кен шығарып алуды игеру.

Күтілетін нәтижелер: Студент кен қорын, жоғалту мен разубоживанияны есептеу мен олардың әдістерін үйренеді.

Постреквизиттері: меңгерілген бұл пән тәжірибе жүзінде және магистрлік жұмысты жазуда қолданылады.

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени К.И. САТПАЕВА

КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН
СПЕЦИАЛЬНОСТИ 6М074900 –МАРКШЕЙДЕРСКОЕ ДЕЛО

Алматы 2015

Каталог элективных дисциплин утвержден научно-методическим советом Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатпаева (протокол № 5 от «05» июня 2015 г.). Алматы, КазНТИУ, 2015.

Каталог включает в себя элективных дисциплин (компонент по выбору) специальности, пререквизиты и постреквизиты дисциплин, цель изучения дисциплины, их краткое содержание, ожидаемые результаты.

ПАМЯТКА ОБУЧАЮЩЕМУСЯ И ЭДВАЙЗЕРУ

Все учебные дисциплины специальности бакалавриата делятся по циклам (ООД, БД, ПД), магистратуры и докторантуры (БД,ПД), модулям, внутри которых они разделяются на обязательные и элективные (по выбору) дисциплины. Перечень обязательных для изучения дисциплин приводится в типовом учебном плане специальности (ТУПл). Перечень элективных дисциплин для каждого курса специальности представляется в каталоге элективных дисциплин (КЭД), который является систематизированным аннотированным перечнем дисциплин по выбору специальности. КЭД должен давать (обеспечивать) обучающимся возможность альтернативного выбора элективных учебных дисциплин в соответствии с выбранной траекторией обучения.

На основании ТУПл и КЭД формируется индивидуальный учебный план (ИУП) обучающегося на учебный год. Помощь бакалаврам и магистрантам при составлении ИУП оказывает эдвайзер, назначенный выпускающей кафедрой. Докторанты ИУП составляют самостоятельно. ИУП определяет индивидуальную образовательную траекторию каждого обучающегося в рамках специальности. В ИУП включаются дисциплины обязательного компонента и виды учебной деятельности (практики, исследовательская работа, государственный (комплексный) экзамен, написание и защита дипломной работы (проекта), диссертации) из ТУПл и дисциплины компонента по выбору из КЭД.

В помощь бакалаврам образовательной траектории, ориентированной на конкретную сферу деятельности с учетом потребностей рынка труда и работодателей, в рамках КЭД должен быть представлен перечень дисциплин, гарантирующий обучающимся целенаправленное освоение намеченной образовательной программы.

При выборе элективных дисциплин необходимо учитывать следующее:

1 В одном семестре студент очной формы обучения должен освоить 18-22 кредита (обязательных и элективных), дистанционной формы – 9-12 кредитов (обязательных и элективных), без учета дополнительных видов обучения (ДВО), которые являются обязательными для изучения.

2 Общее количество кредитов за весь период обучения не должно превышать указанное в ТУПл специальности количество.

3 Элективные дисциплины объединены в группы по выбору с соответствующим номером. Из каждой группы дисциплин можно выбрать только одну элективную учебную дисциплину.

1 курс

№	Наименование модуля	Цикл дисциплины	Код дисциплины	Наименование дисциплины	Кол-во кредитов	Се м е ст р
1	Модуль геодезической подготовки	БД 1.2.5.2	VG 5205	Высшая геодезия	3	1
2		БД 1.2.5.1	VGR 5205.1	Высокоточные геодезические работы	3	1
3		БД 1.2.6.1	DZZ 5206	Дистанционное зондирование Земли	3	1
4		БД 1.2.6.2	KMZ5206.1	Космический мониторинг Земли	3	1
5	Модуль профессиональной подготовки	БД 1.2.7.1	AK 5207	Аэрофотосъемка карьеров	3	2
6		БД 1.2.7.2	FSK 5207.1	Фототеодолитная съемка карьеров	3	2
